

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ  
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ  
ӨУЕЗОВ АУДАНЫДЫҚ ӨДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ  
ҚҰРЫЛЫМ ТҮЛКЕ ДИСПЛЕКТОРІ ТІРКЕУДЕН  
өткізілді  
№ 2373-1910-04-10  
МІНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ  
УПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ АУЗЗОВСКОГО РАЙОНА  
ПРОИЗВЕДЕНА ГОСУДАРСТВЕННАЯ РЕГИСТРАЦИЯ  
ЮРИДИЧЕСКОГО ЛИЦА  
№ 02-04 2013  
свидетельство № 2373-1910-04-10  
БСН/БИН 0312400000532

«С.А.С.» АҚ  
Акционерлерінің жалпы жиналыс шешімімен  
БЕКІТІЛГЕН  
(хаттама №2 26 ақпан 2013ж)



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ  
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ӨДІЛЕТ ДЕПАРТАМЕНТІ  
ӨУЕЗОВ АУДАНЫДЫҚ ӨДІЛЕТ БАСҚАРМАСЫ  
ҚҰРЫЛЫМ ТҮЛКЕ ДИСПЛЕКТОРІ ТІРКЕУДЕН  
өткізілді  
№ 457 БҮЙРЫҒЫ  
2013 ж. 02-04  
МІНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН  
ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ ГОРОДА АЛМАТЫ  
УПРАВЛЕНИЕ ЮСТИЦИИ АУЗЗОВСКОГО РАЙОНА  
ВНЕСЕНЫ ИЗМЕНЕНИЯ И ДОПОЛНЕНИЯ  
В УЧРЕДИТЕЛЬНЫЕ ДОКУМЕНТЫ  
ПРИКАЗ № 157  
№ 02-04 2013

«С.А.С.»

## АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМНЫҢ

## ЖАРҒЫСЫ

## 1. ҚОҒАМНЫҢ АТАУЫ ЖӘНЕ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРІ

1.1. «С.А.С.» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Қоғам») осы Жарғысы оның атын, мекен-жайын, органдарының құқығы мен ұйымдасуын, қайта құрылуын және де басқа Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін ережелерін бейгілейді.

1.2. Қоғамның толық атауы:

- қазақ тілінде - «С.А.С.» Акционерлік Қоғамы

1.3. орыс тілінде - Акционерное общество «С.А.С.» Қоғамның қысқартылған атауы:

- қазақ тілінде - «С.А.С.» АҚ
- орыс тілінде - АО «С.А.С.»

1.4. Қоғамның атқарушы органының орналасқан жері: **Қазақстан Республикасы, 050062, Әуезов ауданы, Зейнолла Қабдолов (З.Қабдолов) көшесі, 1/8 үй.**

## 2. ҚОҒАМНЫҢ ЗАҢДЫҚ МӘРТЕБЕСІ

2.1. «С.А.С.» Акционерлік қоғамы (бұдан ары «Қоғам» деп аталатын) (Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәлік Серии В № 0395477, Алматы қаласы әділет департаментімен 29.12.2003 жылы берілді, тіркеу № 59994-1910-АО), Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексіне, «Акционерлік қоғамы туралы» Қазақстан Республикасы Заңына (бұдан әрі – «Заң»), «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасы Заңына негізінде құрылды.

2.2. Қоғам заңды тұлға болып табылады, дербес балансы, банк шоттары бар, өз атауы жазылған мөрі, бланкілері мен қызметін жүзеге асыру үшін қажетті өзге деректемелері бар, өз атынан мүліктік және мүліктік емес жеке құқықтар сатып алуға және оларды жүзеге асыруға, міндеттерді мойнына алуға, сотта талапкер және жауапкер болуға құқылы.

2.3. Қоғамның өзіндік фирмалық белгілері мен рәміздері бар, олардың үлгісі белгіленген тәртіппен бекітіледі және тіркеледі.

2.4. Қоғам Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен өзге заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарына қатысуға құқылы.

2.5. Қазақстан Республикасының заңнама актілерінде белгіленген тәртіппен өзінің орналасқан жерінен тыс орналасқан, заңды тұлға болып табылмайтын және олар туралы Ереженің негізінде Қоғамның атынан және оның тапсырмасы бойынша әрекет ететін филиалдар (өкілдіктер) құруға құқылы.

2.6. Қоғам мемлекеттік тіркеуден өткен кезден бастап заңды тұлға құқығын алады.

2.7. Қоғамның қызмет мерзімі шектелмейді.

## 3. ҚОҒАМ ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТТАРЫ ЖӘНЕ НЫСАНЫ

3.1. Қоғамның қызмет мақсаты табыстарды шығарып алу және оларды акционерлердің мүдделерінде қолдану болып табылады.

3.2. Қоғамның негізгі қызмет түр кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру болып табылады. Қоғам кәсіпкерлік қызметті қатан түрде Қазақстан Республикасының заңнамасымен сәйкес жүзеге асырылады.

3.3. Қоғамның қызмет түрлері:

1) Жылжымайтын және жылжыйтын мүлікті жалға беру;

2) Инвестициялау, құрылыс және тұрғын және тұруға болмайтын нысандардағы объектілерді эксплуатациялау, сонымен бірге тұрғын үйлерді, мейманханаларды, демалыс орындарын, кеңселерді, сауда орындарын, көңіл-күй көтеру орталықтарын, т.б. салу және пайдалану;

3) Қазақстан Республикасының аймағында және одан тысқары жерлерде көтерме және бөлшек сауда-делдалдық қызметтер жасау;

4) Көпшілік тұтыну тауарларын өндіру және өткізу, соның ішінде алынған жабдықтар негізінде, лицензия және ноу-хау;

5) Әр түрлі қызметтер мен жұмыстар орындау, соның ішінде:

техникалық, ұйымдастырушылық, сервистік және пайдалану қызметтерімен бірге, көліктерді, механизмдерді, жабдықтарды бағдарлау құралдарын, жүйелерін және басқа да техникаларды алу, қою, өткізу, орналастыру, игеру, өндіру, іске енгізу, пайдалану, жөндеу, сервистік қызмет көрсету;

6) Шикізаттық, ауылшаруашылық, өнеркәсіптік тауарлармен және жартылай фабрикаттық, қайталамалық шикізаттар, көліктер мен жабдықтар, азық-түліктік тауарлар, жанармай және құрылыстық материалдар, басқа да тауарлар, олардың туындыларының саудасы және сауда саласындағы көтерме және бөлшек сауданы қоса, делдалдық қызметтерді жүргізу;

7) Тамақ өнімдерін өндіру, сатып алу, сақтау, қайта өңдеу және өткізу;

8) Өз қаражатынан және сырттан алынған қаражаттардан күрделі құрылыс нысандарын салу және оларды сату;

9) Жөндеу-құрылыс, өңдеу, жанғырту жұмыстарын жасау;

10) Коммерциялық- арзандатылған дүкендерді және тағы басқа сауда кәсіпорындарды, қоғамдық тамақтандыру орындарын ашу;

11) Инжиниринг, консалтинг, маркетинг, «ноу-хау»;

12) Жарнамалық- ақпараттық қызмет;

13) Баспа жұмыстары;

14) Автосервисстерді, автотұрақтарды, автожабдықтау станцияларын ашу;

15) Жеке және алынған құрылыс материалдарымен сауда- саттық;

16) Ғылыми- зерттеу, тәжірибелік- конструкторлық және жобалау – іздену жұмыстарын ұйымдастыру, жүргізу және оларды өткізу;

17) Қоғамның мүдделеріне жауап беретіндей, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарымен тыйым салынбаған басқа да іс- әрекеттер жасау болып табылады.

3.4. Заңмен белгіленген тәртіпте алынған лицензияның немесе рұқсаттың басқа түрін қажет ететін қызметтің түрлері, сәйкесінше лицензияны немесе рұқсаттың басқа түрін алғаннан кейін ғана жүзеге асырылады.

#### 4. ҚОҒАМНЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

4.1. Қоғамның өз акционерлерінің мүлкінен оқшауланған мүлкі болады және олардың міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Қоғам өз міндеттемелері бойынша өз мүлкі шегінде жауап береді.

4.2. Қоғам:

4.2.1. өз атынан мәмілелер (шарттар, келісім-шарттар) жасасуға, мүлдік және мүлдік емес жеке құқықтар сатып алуға және оларды жүзеге асыруға, міндеттерді мойнына алуға, сотта талапкер және жауапкер болуға, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмейтін басқа әрекеттерді жүзеге асыруға;

4.2.2. өз активтерінің бір бөлігін немесе бірнеше бөліктерін беру арқылы өзге заңды тұлғаларды құруға және (немесе) қызметіне қатысуға;

4.2.3. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметін шетелде жүзеге асыруға, соның ішінде шетелдік заңды және жеке тұлғалардың қатысуымен Қазақстан Республикасы аумағында және өзге мемлекеттердің аумағында халықаралық бірлестіктер мен ұйымдардың қызметін құруға және қызметін жүргізуге қатысуға;

4.2.4. жай және артықшылықты акциялар шығаруға. Акциялар құжатсыз нысанда шығарылады;

4.2.5. оларды шығару, орналастыру, айналысқа салу және өтеу талаптары мен тәртібі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңдарымен белгіленетін басқа да бағалы қағаздар шығаруға құқылы;

4.2.6. Қазақстан Республикасында және шетелде өзіндік филиалдары мен өкілдіктерін құруға, оларға меншікті мүліктері есебінен негізгі және айналым қаражаттарын беруге және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес олардың қызмет тәртібін белгілеуге құқылы. Филиалдардың немесе өкілдіктердің мүлкі олардың жекелеген баланстарында және Қоғамның тұтастай балансында ескеріледі.

4.3. Қоғамның Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және осы Жарғысында көзделген басқа да құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

4.4. Қоғам:

4.4.1. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзім мен тәртіпте мәлімделген акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін құжаттарды уәкілетті органға беруге;

4.4.2. Қоғамның мәлімделген акциялары толықтай орналастырылғанға не оларды орналастыру толықтай аяқталғаннан кейін әрбір алты айдың қорытындысы бойынша (есепті жартыжылдық аяқталғаннан кейін бір айдың ішінде) өз акцияларының орналастыру қорытындылары туралы есепті уәкілетті органға беруге;

4.4.3. жылдық қаржы есептілігін уәкілетті орган белгілеген мерзімнің ішінде баспасөз басылымында жыл сайын жариялауға;

4.4.4. жылдық қаржы есептілігіне аудит жүргізуге;

4.4.5. акционерлердің мүдделеріне қатысты Қоғамның қызметі туралы ақпаратты өз акционерлерінің назарына жеткізуге міндетті.

Қоғамның акционерлерінің мүддесіне қатысты ақпарат болып мыналар танылады:

1) мәселелер тізбесі бойынша акционерлер жалпы жиналысында және директорлар кеңесінде қабылданған шешімдер, олар туралы қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес ақпарат акционерлер мен инвесторлардың назарына дейін жеткізілуі тиіс;

2) қоғаммен акциялар мен құнды қағаздарды шығару және уәкілетті органмен қоғаммен құнды қағаздарды орналастыру қорытындысы туралы есептемені, қоғамның құнды қағаздарды өтеу қорытындысы туралы есептемені, қоғамның құнды қағаздарды уәкілетті органмен күшін жоғалту бекіту;

3) қоғаммен ірі мәмілерді жасау және оларды жасауға қоғам мүдделілігін білдіріп отырған мәмілерді жасауы;

4) осы қоғамның активтердің мөлшерінің бес және одан астам пайызын құрайтын мөлшерде

Қоғамның мүлігіне заем (қайта кепіл) табыстау;

5) Қоғамның меншікті капиталы мөлшерінің жиырма бес және одан астам процентін құрайтын мөлшерде қоғамның заем алуы;

6) Қоғамның қызметін қандай болса да түрлерін жүзеге асыруға рұқсат қағазын алуы, қызметін қандай да бір түрлерін жүзеге асыруға қоғам бұрын алған рұқсат қағазын қолданысын тоқтата тұру немесе тоқтату;

7) заңды тұлғаның мекемелерінде қоғамның қатысуы;

8) қоғамның мүлікке тыйым салу;

9) Төтенше сипаттағы жағдайлардың басталуы, соның нәтижесінде Қоғам активтерінің жалпы мөлшерінің он және одан астам проценті баланстық құнын құрайтын Қоғам мүлкінің жойылуы;

10) қоғамның және оның лауазымды тұлғалардың әкімшілік жауапкершілікке тарту;

11) корпоративтік талас бойынша сот ісін қозғау;

12) қоғамды мәжбүрлеп қайта ұйымдастыру туралы шешім қабылдау;

4.5. Қоғамның акционерлерін оның қызметі туралы хабарландыру әрбір акционерге жазбаша хабарлама жасау және (немесе) ақпараттық мерзімдік баспасөз басылымдарында «Егеменді Қазақстан» және/немесе Интернет желісіндегі WEB-сайттарда жоғарыда аталған жағдайлардың кез келгені басталған кезден бастап 5 бем жұмыс күннен аспайтын мерзімде жариялау арқылы жүзеге асырылады.

4.6. Қоғам интернет-ресурста бухгалтерлік есеп пен қаржылық есеп туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына, корпоративтік оқиғалар туралы ақпаратқа, уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген тәртіп пен мерзімде қоғамның жылдық қаржылық есебіне және аудиторлық есепке сәйкес белгіленген қаржылық есептің депозитарийін орналастыруды қамтамасыз етеді.

4.7. Қоғам 4.6 т. көзделген ақпаратқа қосымша ретінде бағалы қағазы қорлық биржаның тізіміне енгізілгенін интернет-ресурста бухгалтерлік есеп пен қаржылық есеп туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген қаржылық есеп депозитарийін орналастыруды қамтамасыз етеді және барлық корпоративтік оқиғалар туралы қорлық биржаның ақпараты мен тоқсандық қаржылық есепті интернет-ресурста жариялау үшін оны ішкі құжаттармен белгіленген тәртіппен қорлық биржаға тапсырады.

4.8. Қоғам аффилирлен тұлғаларының немесе Қоғамның тіркеушісі берген мәліметтердің негізінде өздерінің осы тұлғаларының есебін жүргізуге міндетті (уәкілетті орган белгілеген тәртіппен ірі акционерлер болып табылатын тұлғаларға ғана қатысты).

4.9. Қоғам қызметтік немесе коммерциялық құпияны құрайтын ақпаратты иеленетін қоғам қызметкерлерінің тізімін міндетті жүргізуді қамтамасыз етеді.

## 5. ҚОҒАМ АКЦИОНЕРЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

5.1. Заңды және/немесе жеке тұлғалар Қоғамның акционерлері бола алады.

5.2. Қоғамның акционері оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, өзіне тиесілі акциялардың құны шегінде Қоғам қызметіне байланысты залалдарға тәуекел етеді.

5.3. Қоғам акционерінің:

5.3.1. «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңда және осы Жарғыда көзделген тәртіппен Қоғамды басқаруға қатысуға;

5.3.2. дивидендтер алуға;

5.3.3. Қоғамның қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде акционерлердің жалпы жиналысында белгіленген тәртіппен қоғамның қаржы есептілігімен танысуға;

5.3.4. Қоғамның тіркеушісінен немесе нақтылы ұстаушыдан оның бағалы қағаздарға меншік құқығын растайтын үзінді көшірмелер алуға;

5.3.5. Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысына Қоғамның Директорлар кеңесіне сайлау үшін кандидатура ұсынуға;

5.3.6. Қоғамның органдары қабылдаған шешімге сот тәртібімен дауласуға;

5.3.7. «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР Заңында көрсетілген жағдайларда жеке немесе басқа да акционерлермен қоғамның дауыс беруші акцияларымен ісменгенде сотқа жүгіне алады, яғни қоғамға келтірілген зиян бойынша лауазымды тұлғалардан залалды өтеу, қоғамның лауазымды тұлғаларына қайтару және( немесе) қызығушылығы бар келісімдерден, мәміле және( немесе) көлемді мәмілелерді орындау( орындау туралы ұсыныс түссе) кезіндегі аффилирленген тұлғалардан пайдаларын( кірістерін) қоғамға қайтару.

5.3.8. Қоғамға оның қызметі туралы жазбаша сауал салуға және Қоғамға сауал келіп түскен күннен бастап отыз күн ішінде дәлелді жауаптар алуға;

5.3.9. Қоғам таратылған кезде мүліктің бір бөлігіне;

5.3.10. Заңда белгіленген тәртіппен өз акцияларына айырбасталатын қоғамның акцияларын немесе басқа да бағалы қағаздарын артықшылықпен сатып алуға құқығы бар.

5.4. Бір-бірімен жасалған келісім негізінде әрекет ететін, өзіне (жинақтап алғанда өздеріне) акционерлік Қоғамның дауыс беретін акцияларының он және одан да көп проценті тиесілі акционер немесе бірнеше акционер (ірі акционер) сондай-ақ:

5.5. Ірі акционердің сондай-ақ құқылы:

5.5.1. акционерлердің кезектен тыс Жалпы жиналысын шақыруды талап етуге немесе Директорлар кеңесі акционерлердің Жалпы жиналысын шақырудан бас тартқан жағдайда оны шақыру туралы талап-арызбен сотқа жүгінуге;

5.5.2. Директорлар кеңесіне қолданыстағы заңнамаға сәйкес акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібіне қосымша мәселелер енгізуді ұсынуға;

5.5.3. Директорлар кеңесінің отырысын шақыруды талап етуге;

5.5.4. өз есебінен аудиторлық ұйымның қоғам аудитін жүргізуін талап етуге құқығы бар.

5.6. Акционерлік Қоғам міндетті:

5.6.1. акцияларды төлеуге;

5.6.2. осы акционерге тиесілі акцияларды Қоғамның тіркеушісіне және/немесе нақтылы ұстаушыға Қоғамның акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуге қажетті мәліметтердің өзгерісі туралы он күн ішінде хабарлауға;

5.6.3. Қоғам немесе оның қызметі туралы қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын ақпаратты жария етпеуге;

5.6.4. Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде белгіленген басқа да міндеттерді орындауға міндетті.

5.6.5. Қоғам және қоғамның тіркеушісі акционердің 5.5 тармақтың 5.5.2. тармақшасымен белгіленген талаптарды орындамауының салдарлары үшін жауапкершілік атқармайды.

5.7. Акционерлердің Қоғамның артықшылықты акцияларымен қуәландырылған құқықтарының көлемі:

5.7.1. артықшылықты акциялардың меншік иесі болып табылатын қоғамның акционері келу тәртібімен өткізілетін акционерлердің Жалпы жиналысына қатысуға және онда қарастырылатын мәселелерді қарастыруға құқылы;

5.7.2. акционерлер-Қоғамның артықшылықты акцияларына иелік ететіндер акционер-Қоғамның жай акцияларына иелік ететіндердің алдында 10 % мөлшерінде дивидендтер алуға және қоғам таратылған кезде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен оның мүлкінің бір бөлігін алуға артықшылық құқығы болады.

5.7.3. Егер Қоғамның уәкілетті органы мәлімделген акцияларды немесе Қоғам жай акцияларына айырбасталатын басқа бағалы қағаздарын орналастыру, сондай-ақ сатып алынған аталған бағалы қағаздарды өткізу туралы шешім қабылдаса, Қоғамның жай акцияларын иелік етуші акционер жай акцияларды немесе Қоғам жай акцияларына айырбасталатын басқа бағалы қағаздарды артықшылықпен сатып алу құқығына иелік етеді, ал Қоғамның артықшылықты акцияларын иелік етуші акционер Қоғамның артықшылықты акцияларын сатып алудың артықшылықпен сатып алу құқығына иелік етеді.

5.7.4. Артықшылықты акция акционерге Қоғамды басқаруға қатысуға құқық бермейді, бұған мына жағдайлар кірмейді:

1) Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысы шешімі артықшылықты акцияларға иелік ететін акционердің құқығын шектейтін мәселені қарастырады. Мұндай мәселе бойынша шешім шектеуге орналастырылған (өтемі төленіп алынғандарды қоспағанда) артықшылықты акциялардың жалпы санының кем дегенде үштен екі бөлігі дауыс берген жағдайда ғана қабылданған болып саналады;

2) Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысы Қоғамды қайта ұйымдастыру не тарату туралы мәселені қарастырады;

3) артықшылықты акция бойынша дивиденд оны төлеу үшін белгіленген мерзім аяқталған күннен бастап үш айдың ішінде толықтай мөлшерде төленбесе;

5.7.5. Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар мен бағалы қағаздар туралы заңнамасында белгіленген өзге құқықтар мен артықшылықтар.

5.8. Қолданыстағы заңнамаға сәйкес Қоғамның аффилирленген тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалар, қоғамның ірі акционерлері мен лауазымды тұлғалары аффилирлену пайда болған күннен бастап жеті күннің ішінде Қоғамға аффилирленген тұлғалары туралы мәліметтерді беруге міндетті. Мәліметтер Қоғам Президентінің орналасқан мекен-жайына жазбаша түрде жіберіледі.

## **6. ҚОҒАМНЫҢ ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛЫ ЖӘНЕ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫ**

6.1. Қоғамның жарғылық капиталы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес белгіленген және Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен көрсетілген орналастыру бағасы бойынша инвесторлардың акцияларды төлеуі арқылы қалыптастырылады.

6.2. Қоғам жай және артықшылықты акциялар, сондай-ақ айырбасталатын облигациялар мен басқа бағалы қағаздар шығарады, оларды шығару, орналастыру, айналдыру және өтеу шарттары мен тәртіптері Қазақстан Республикасы заңнамасымен белгіленеді.

6.3. Акциялар құжаттамасыз нысанда шығару.

6.4. Акция бөлінбейді. Егер акция бірнеше тұлғаларға жалпы мүлік құқығында болса, олардың барлығы бір акционермен танытылады және өзінің жалпы өкілі арқылы куәландырылған акцияның құқығымен қолданылады.

6.5. Акцияның бір түрі әр бір акция иеленушісіне егер өзге қазіргі Заңмен бекітілмесе осы акция түрінің басқа акция иеленушілерімен бірге құқық көлемін ұсынады.

6.6. Қоғам өз акцияларын олардың шығарылымын мемлекеттік тіркеуден кейін мәлімделген акциялар санының шегінде бір немесе бірнеше орналастырулар арқылы орналастыруға құқылы.

6.7. Қоғамның акцияларын оның мәлімделген акцияларының саны шегінде орналастыру туралы шешімді қоғамның Директорлар кеңесі белгілейді.

6.8. Акцияларды орналастыру ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар рыногында өткізілетін жазылу немесе аукцион, ұйымдастырылған бағалы қағаздар рыногында сату арқылы жүзеге асырылады.

Жазылу арқылы қоғаммен орналастырылған акциялар осы орналастыру бойынша акцияларды сатып алушылардың барлық тұлғаларға бірінғай баға бойынша сатуға жатады.

6.9. Акционер акцияларды немесе қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа да құнды қағазды иеліктен шығарған кезде, оған акцияларды немесе қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа да құнды қағазды иеленуге тапсырысты ұсынған отыз күннің ішінде, сатып алудың артықшылық құқығына сәйкес, егер бұрынғы меншік иесі бұндай тапсырысты бермеген жағдайда, бұл құқық акциялардың не қоғамның жай акцияларына айырбасталатын басқа да құнды қағазының жаңа меншік иесіне ауысады.

6.10. Қоғамның жазылу арқылы орналастыратын акциялары, акцияларды сатып алудың артықшылық құқығына сәйкес иеленетін акционерлерді қоспағанда, барлық тұлғалар үшін осы орналастырудың шегінде, иеленетін акцияларының бірдей бағасы бойынша сатылуға жатады. Акционерлер акцияларды, қоғамның орналастыру туралы шешімді қабылдаған органымен белгіленген орналастырудың бірдей бағасы бойынша сатып алудың артықшылық құқығына сәйкес иеленеді.

6.11. Қоғамның акцияларды орналастыру туралы шешімді қабылдаған органымен осы орналастыру үшін белгіленген, акциялардың орналастыру бағасы, осы акцияларды сатуға болатын ең төменгі баға болып табылады.

6.12. Жарияланған акцияларды немесе қоғамның жай акциясына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарды орналастыруға, сондай-ақ бұрын сатып алынған кезделген бағалы қағаздарды сатуға ниеттенген қоғам бұл туралы шешім қабылдаған күннен бастап он күнтізбелік күннің бойында өзінің акционерлеріне жазбаша хабарлама арқылы ұсынуға немесе бұқаралық ақпарат құралдарында бағалы қағаздарды орналастыру (сату) туралы шешім қабылдаған қоғам органы белгілеген орналастыру (сату) бағасы бойынша оларда бар акциялардың пропорционал санына тең шартпен бағалы қағаздарды алуды жариялауға міндетті. Акционер қоғам акцияларын орналастыру (сату) туралы жарияланған күннен бастап отыз күнтізбелік күннің бойында артықшылықты сатып алу құқығына сәйкес акцияларды немесе қоғам акциясына айырбасталатын өзге де бағалы қағаздарды алуға өтініш беруге құқылы. Бұл жағдайда қоғамның жай акциясын иеленетін акционер жай акцияларды немесе қоғамның жай акциясына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздарды сатып алуға құқылы, ал қоғамның артықшылықты акциясына не акционер қоғамның артықшылықты акциясын артықшылықты сатып алу құқығына не..

6.13. Акциялар немесе артықшылықты сатып алу құқығы бойынша алынатын қоғамның жай акциясына айырбасталатын басқа да бағалы қағаздар төлемін акционерлер оларды алуға өтініш берген күннен бастап отыз күнтізбелік күннің бойында жүзеге асырады.

6.14. Қоғамның жай акцияларға айырбастырымды Акциялар немесе басқа құнды қағаздар төленбеген жағдайда осы тармақ бойынша 1,2,3 баптармен бекітілген В случае неоплаты акций или других ценных бумаг, конвертируемых в простые акции общества, по истечении срока, установленного пунктами 1, 2 и 3 настоящей статьи, заявка считается недействительной.

6.15. Бағалы қағаздарды артықшылықпен сатып алуға қоғам акционерлердің құқығын жүзеге асыру тәртібі уәкілетті органмен орнатылады.

6.16. Қоғам акционерлерге қоғамның акцияларын сатуға кедергі келтіруге құқылы емес. Қоғам қоғам акцияларын сатуды қалайтын тұлғаларға оларды қоғамның өзінің немесе ұсынылған бағадан асатын баға бойынша үшінші тұлғаларға ұсыныс жасауға құқылы. Сатып алу туралы ұсыныста акциялар саны, бағасы және акцияларды үшінші тұлғалар алған жағдайда, сатып алушылар деректемелері туралы мәлімет болуы тиіс.

6.17. Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізуді қоғамның тіркеушісі ғана жүзеге асыра алады, ол Қоғамның және оның аффилирленген тұлғаларының аффилирленген тұлғасы болмауға тиіс.

6.18. Қоғам акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізу, сондай-ақ ол бойынша уәкілетті органға ақпарат беру тәртібі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңдарында белгіленеді.

6.19. Акцияларды кепілге беру туралы мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі.

6.20. Қоғамның жарғылық капиталын ұлғайтуға акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі бойынша, сондай-ақ заңнамада белгіленген жағдайларда жол беріледі және Қоғамның мәлімделген акцияларын орналастыру жолымен жүзеге асырылады.

## 7. ТАЗА ТАБЫСТЫ БӨЛУ ЖӘНЕ ҚОҒАМНЫҢ ӨЗГЕ ТӨЛЕМДЕРІ

7.1. Қоғамның таза табысы (салықтары да міндетті бюджеттік төлемдерін өтеген соңғы) қоғамға қалады және олар дивидендтерді қоса алғанда акционерлік жалпы жиналысында белгіленге тәртіппен бөлінеді. Қалған қаражат қоғамды дамыту мен акционерлер шешімі белгілеген басқа да мақсаттарға бағытталады.

7.2. Қоғам құрылатын қорларды тағайындауы, мөлшері, қру принциптері мен көздері және пайдалану тәртібі туралы мәселені Директорлар кеңесі белгілейді.

7.3. Дивидендтер Қоғамның жай акциялары бойынша тоқсанның немесе жартыжылдықтың қорытындысы бойынша акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі бойынша немесе Директорлар кеңесінің шешімі бойынша төленеді.

7.4. Дивидендтерді төлеу туралы шешім акционерлердің жалпы жиналысында қоғам акцияларының қарапайым көпшілік дауыс бергендермен қабылданған жағдайда артықшылықты акция бойынша дивидендтерден басқа дивидендтер ақшалай немесе қоғамның бағалы қағаздармен төленеді.

7.5.1. Дивидендтерді төлеу туралы шешім акционерлердің жалпы жиналысында қоғам акцияларының қарапайым көпшілік дауыс бергендермен қабылданған жағдайда артықшылықты акция бойынша дивидендтерден басқа дивидендтер ақшалай немесе қоғамның бағалы қағаздармен төленеді.

7.6.1. Қоғамның артықшылықты акциялар бойынша дивидендтерді бағалы қағаздармен төлеуге рұқсат етілмейді.

7.7.1. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтерді төлеу тек қана осындай төлем қоғамның жарияланған акциялармен және акционерлердің жазбаша келісімі болған кезде ол шығарылған облигациялармен жүзеге асырылады.

7.8.1. Дивидендтерді алуға құқығы бар акционерлердің тізімі дивидендтерді төлеу өткен күнің датасына жасалуы тиіс.

7.9.1. Төленбеген дивидендтер арқылы акцияларды иесіздендіру, егер акцияларды иесіздендіру туралы шартта өзге ештеңе қарастырылмаса, оларды алуға акциялардың жаңа меншіккерінің құқығы арқылы жүзеге асырылады.

7.10.1. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтердің төлемдердің дүркіндігі қоғамның негізгі жарлығымен және акцияларды шығару жобасымен анықталады.

7.11.1. Қоғамның акциялары бойынша дивидендтерді төлеу төлем агенті арқылы төленеді. Төлем агентінің қызметін төлеу қоғам есебімен төленеді.

7.12.1. Дивиденды не начисляются и не выплачиваются по акциям, которые не были размещены или были выкуплены самим обществом, а также если судом или общим собранием акционеров общества принято решение о его ликвидации.

7.13.1. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім акционерлердің жылдық жалпы жиналысымен қабылданады.

7.14.1. Қоғам акционерлердің жалпы жиналысы жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдауға, оны шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күннің ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға құқылы.

7.15.1. Дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылданған күннен бастап он жұмыс күннің ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға тиіс. Сонымен көпшілік компания осы шешімді, сондай-ақ қоғамның корпоративтік веб сайтында жариялау тиіс.

7.16.1. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтерді төлеу туралы шешімде келесі мәліметтер болуы тиіс:

- 1) қоғамның атауы, мекен жайы, банк және өзге де деректемелері;
- 2) дивидендтер төленетін кезең;
- 3) дивидент көлемі бір жай акция есебімен;
- 4) дивиденттерді төлеудің басталу күні;
- 5) дивиденттерді төлеудің реті мен нысаны.

7.17.1. Қоғамның артықшылықты акциялары бойынша дивидендтерді толық төлегенге дейін дивидендтер төлемі оның жай акциялары бойынша жүргізілмейді.

7.18.1. Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтердің кепілдік көлемі оның мәнінің тұрақтылығы және жалпыға қолжетімділік шартымен қандай-да бір көрсеткіштерге қатысты айқын белгіленгендей индекстелу ретінде белгіленуі мүмкін.

7.19.1. Артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер төлемінің мерзімі басталардың алдында бес жұмыс күні бойында қоғам бұқаралық ақпарат құралдарында «Акционерлік қоғамдар туралы» ҚР

Заңының 23 бабы 3 бабының 1), 2), 4), 5) тармақшаларында тізбеленген мәліметтерді көрсету арқылы дивиденттер төлемі тураоы ақпаратты жариялауға міндетті

## 8. ҚОҒАМНЫҢ БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫН КЕПІЛГЕ ҚОЮ

8.1. Қоғамның бағалы қағаздарын кепілге қою құқығы шектелмейді немесе қоғам жарғысының ережесімен алынып тасталмайды.

8.2. Акционер, егер кепілге қою шартымен өзге ештеңе көзделмесе, олардың кепілге қойылған акциялары бойынша дивиденттер алуға және дауыс беру құқығына ие.

8.3. Қоғам олар орналастырған бағалы қағаздарды кепілге тек мынадай жағдайларда ғана қабылдай алады:

- 1) кепілге берілген бағалы қағаздар толық төленгенде;
- 2) қоғамға кепілге берілген акциялардың жалпы саны және ондағы кепілге қойылғандар қоғам сатып алған акцияларды қоспағанда, қоғамның жарияланған акцияларының кемінде жиырма бес пайызын құрағанда;
- 3) кепіл туралы шартты, егер қоғам жарғысымен өзге ештеңе көзделмесе, директорлар кеңесі мақұлдағанда.

8.4. Қоғамда орналастырылған акциялар және ондағы кепілге қойылғандар бойынша дауыс беру құқығы, егер кепіл талабымен өзге ештеңе көзделмесе, акционерге тиесілі. Қоғам ондағы кепілге қойылғандарға өзінің акцияларымен дауыс беруге құқылы емес.

8.5. Қоғамның бағалы қағаздарын кепілге тіркеу тәртібі Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар нарығы туралы заңнамаға сәйкес анықталады.

## 9. ҚОҒАМНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІГІ

9.1. Қаржы есептілігі бухгалтерлік балансты, кірістер мен шығыстар туралы есепті, ақшаның қозғалысы туралы есепті және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру туралы заңнамасына сәйкес өзге есептілікті қамтиды.

9.2. Қоғамның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржы есептілігін жасау тәртібі Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу мен қаржылық есеп беру туралы қолданыстағы заңнамасымен және бухгалтерлік есеп стандарттарымен жүргізіледі.

9.3. Қоғамның Президенті жыл сайын аудиті Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы заңнамасына сәйкес жүргізілген, өткен жыл үшін жылдық қаржы есептілігін акционерлердің Жалпы жиналысына оны талқылау және бекіту үшін береді.

9.4. Қоғамның жылдық қаржы есептілігі акционерлердің жылдық Жалпы жиналысы өткізілгенге дейін отыз күн бұрынғы мерзімнен кешіктірмей Директорлар кеңесінің бекітуіне жатады. Қоғамның жылдық қаржы есептілігін түпкілікті бекіту акционерлердің жылдық жалпы жиналысында жүргізіледі.

9.5. Қоғамның қаржылық жылы күнтізбелік жылға сай келеді.

## 10. ҚОҒАМНЫҢ ОРГАНДАРЫ

10.1. Қоғамның органдары болып табылатындар:

- жоғары орган – Акционерлердің жалпы жиналысы (егер Қоғамның дауыс беретін барлық акциялары бір Акционерге жататын болса - бұл АКЦИОНЕР);

- басқару органы – Директорлар кеңесі;

- атқарушы орган – Президент.

10.2. Директорлар кеңесінің шешімі бойынша бақылаушы орган – Ішкі аудит қызметі құрылуы мүмкін.

10.3. Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі бойынша Қоғам Қоғамды басқарудың өзге де органдарын құра алады.

## 11. АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫ

11.1. Қоғамның жоғары органы акционерлердің Жалпы жиналысы болып табылады.

11.2. Акционерлердің жалпы жиналыстары жылдық және кезектен тыс болып бөлінеді. Акционерлердің жалпы жиналыстары жылдықтан басқа кезектен тыс болып бөлінеді.

11.3. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысын директорлар кеңесі шақырады.

11.4. Қоғам акционерлерінің жыл сайынғы жалпы жиналысында:

1) Қоғамның жылдық қаржылық есебі бекітіледі,

2) аяқталған қаржы жылы үшін Қоғамның таза табысын бөлу тәртібі және Қоғамның бір жай акциясымен есептелетін дивиденттер көлемі анықталады,



3) қоғамның және оның лауазымды тұлғаларының әрекетіне акционерлердің өтініш жасауы және оларды қарау қорытындысы туралы мәселелерді қарайды.

Директорлар кеңесінің төрағасы қоғам акционерлерін директорлар кеңесі мүшелерінің және қоғамның атқарушы органын сыйақыландыру көлемі мен құрамы туралы хабарландырады.

Акционерлердің жылдық жалпы жиналысы, шешім қабылдау қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысының құзыретіне жатқызылған, басқа да мәселелерді қарауға құқылы.

Акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің не ірі акционердің бастамасы бойынша шақырылады. Ерікті түрде таратылу процесіндегі Қоғам акционерлерінің кезектен тыс жалпы жиналысын Қоғамның тарату комиссиясы шақыруы, әзірлеуі және өткізуі мүмкін.

Акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне мына мәселелер жатқызылады:

11.4.1. Қоғам Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу немесе оны жаңа редакциясында бекіту;

11.4.2. корпоративтік басқарманы, сондай-ақ өзгертулер мен қосымшаларды кодексті бекіту егер негізгі кодексті қабылдау қоғам жарлығымен қарастырылған жағдайда;

11.4.3. қоғамның ерікті түрде қайта ұйымдастыру және таратылуы;

11.4.4. жарияланған акциялардың көлемінің көбеюі немесе қоғамның жарияланған акциялардың орналастырылмаған түрдің өзгерту туралы шешім қабылдау;

11.4.5. қоғамның бағалы қағаздардың шарттарын және ретін, сондай-ақ олардың өзгертулерін белгілеу;

11.4.6. қоғамның жай акцияларға айырбасталатын бағалы қағаздарды шығару туралы шешім қабылдау;

11.4.7. орналастырылған акцияның бір түрін басқа бір түрге ауыстыру, осындай айырбастаудың шарттарын және ретін белгілеу туралы шешім қабылдау;

11.4.8. есеп комиссиясының сандық құрамын және өкілдік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін тағайындау және олардың өкілдіктерін мерзімінен бұрын тоқтатылуы;

11.4.9. директорлар кеңесінің сандық құрамын және өкілдік мерзімін белгілеу, оның мүшелерін тағайындау және олардың өкілдіктерін мерзімінен бұрын тоқтатылуы; сондай-ақ директорлар кеңесінің мүшелеріне олармен өз міндеттемелерін орындағаны үшін сыйақы және шығындардың өтемақыларын төлеудің мөлшерін және шарттарын белгілеу;

11.4.10. қоғамның аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды белгілеу;

11.4.11. жылдық қаржылық есептемені бекіту;

11.4.12. есепті қаржылық жыл үшін қоғамның таза табысын үлестіру ретін бекіту, жай акциялар бойынша дивиденттерді төлеу туралы шешім қабылдау және қоғамның бір жай акция үшін есеп айырысуға дивиденттің мөлшерін бекіту;

11.4.13. қоғамның жай акциялары бойынша дивиденттерді төлеу туралы шешім қабылдау;

11.4.14. қоғамның акцияларын ерікті делистинг туралы шешім қабылдау;

11.4.15. қоғамның өзге заңды тұлғалардың қызметінде немесе құрылуында қатысу, немесе өзге заңды тұлғалар қоғам активтер құрамынан жиырма бес және одан да көп пайызды құрайтын сомасында активтердің бөлігін немесе бір неше бөлігін табыстау (алу) жолымен қатысушылар (акционерлер) құрамынан шығу туралы шешім қабылдау;

11.4.16. қоғаммен акционерлерді акционерлердің жалпы жиналысына шақыруы туралы хабарлау нысанын белгілеу және осындай ақпаратты бұқара ақпарат құралдарында орналастыру туралы шешім қабылдау;

11.4.17. әдістемеді өзгертулерді бекіту (әдістемені бекіту, егер ол құрылтайшылық жиналысында бекітілмесе) негізгі Заңға сәйкес ұйымдастпаған нарықта қоғаммен акцияларды өтеуін төлеп алу кезінде акцияның құнын белгілеу;

11.4.18. акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту;

11.4.19. қоғамның қызметі туралы акционерлерге ақпаратты беру ретін, соның ішінде бұқара ақпарат құралдарын бекіту, егер ондай реті қоғам жарғысымен бекітілмесе;

11.4.20. «алтын акцияны» енгізу және жою;

11.4.21. шешім қабылдау Қазақстан Республикасы заңнамасымен акционерлердің Жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелер.

Осы тармақтың 11.4.1-11.4.4-тармақшаларында аталған мәселелер бойынша Қоғамның дауыс беретін акцияларының жалпы санының айқын басым көпшілігімен қабылданады.

Егер Қазақстан Республикасы заңнамасында және Қоғам Жарғысында өзгеше белгіленбесе, акционерлердің жалпы жиналысының өзге мәселелер бойынша шешімдері қоғамның дауыс беруге қатысушы дауыс беретін акцияларының жалпы санының жай көпшілік дауысымен қабылданады.

Акционерлердің жалпы жиналысы Қоғамның ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша Қоғамның өзге органдарының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

11.5. Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына, осы Жарғыға және Қоғамның ішкі қызметін реттейтін Қоғамның өз құжаттарына не акционерлердің Жалпы жиналысының тікелей шешіміне сәйкес анықталады.

11.6. Акционерлердің жалпы жиналысын әзірлеу мен өткізуді:

- 1) Президент;
- 2) өзімен жасалған шартқа сәйкес Қоғамның тіркеушісі;
- 3) Директорлар кеңесі;
- 4) Қоғамның тарату комиссиясы жүзеге асырады.

11.7. Акционерлерге алда жалпы жиналыс өткізілетіні туралы жиналыс өткізілетін күнге дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмей, ал сырттай немесе аралас дауыс беру жағдайында - күнтізбелік қырық бес күннен кешіктірілмей бұқаралық ақпарат құралдарында жариялану және/немесе акционердің назарына оған жазбаша хабарлама жіберу арқылы хабарлануға тиіс.

11.8. Акционер акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және қаралатын мәселелер бойынша жеке өзі немесе өз өкілі арқылы дауыс беруге құқылы, бұған акционерлердің Жалпы жиналысына қатысу және дауыс беру құқығы нотариалды куәландыруды талап етпейтін сенімхаттары бар заңды тұлғалар кірмейді.

11.9. Егер акционерлердің Жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу аяқталған кезде оған қатысуға және онда дауыс беруге құқығы бар, Қоғамның дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда елу және одан да көп процентін иеленген акционерлер немесе олардың өкілдері тіркелсе, жиналыс күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы. Акционерлерге сырттай дауыс беру үшін бюллетеньдер жіберілген жағдайда, аталған бюллетеньдермен берілген және жалпы жиналысқа қатысушыларды тіркеу кезінде қоғам алған дауыстар кворумды айқындау және дауыс беру қорытындыларын шығару кезінде есепке алынады.

11.10. Акционерлер жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер жөніндегі материалдарда аталған мәселелер бойынша негізді шешімдер қабылдау үшін қажетті көлемдегі ақпарат болуы тиіс.

11.11. Қоғам органын сайлау мәселесі бойынша материалдарда ұсынылған кандидаттар туралы мынадай ақпараттар болуы тиіс:

- 1) аты-жөні, сондай-ақ қалауынша – әкесінің есімі;
- 2) білімі туралы мәлімет;
- 3) қоғамға дараланғандық туралы мәлімет;
- 4) жұмыс орны және соңғы үш жылдағы атқаратын лауазымы туралы мәлімет;
- 5) біліктілігін куәландыратын өзге де ақпарат, кандидаттардың жұмыс тәжірибесі

11.12. Қоғамның директорлар кеңесіне ( директорлар кеңесіне жаңа мүшені тағайындау ) мүшені тағайындау акционерлердің жалпы жиналысындағы күн тәртібінде көзделген жағдайда, материалда директорлар кеңесіне ұсынылған кандидат қай акционердің өкілі немесе қоғамның дербес директоры лауазымына үміткер болып табылатындығы көрсетілуі тиіс. Директорлар кеңесінің мүшелігіне үміткер тұлға «Акционерлік қоғам туралы» ҚР Заңының 54 бабының 2 тармағының 3 тармақшасында көрсетілгендей акционер немесе жеке тұлға болған жағдайда, акционерлердің тізімін қалыптастыру күніне акцияларға дауыс беруші акционердің иемденуші сыбағасы туралы мәліметтерді материалда көрсетуі тиіс.

11.13. Акционерлердің жылдық жалпы жиналысының күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдар мыналарды қамтиды:

- 1) қоғамның жылдық қаржылық есебін;
- 2) жылдық қаржылық есепке аудиторлық есепті;
- 3) аяқталған қаржы жылы үшін қоғамның таза табысын бөлу тәртібі туралы директорлар кеңесінің ұсынысын және қоғамның бір жай акциясына есептелетін бір жылдағы дивидент көлемін;
- 4) акционерлердің қоғамның және олардың лауазымды тұлғаларының әрекетіне өтініш жасауы және оларды қарау қорытындысы туралы ақпаратты;
- 5) ашық компаниялардың есептік кезеңдегі өзінің қызметі туралы директорлар кеңесінің есебін;
- 6) акционерлер жалпы жиналысын өткізуге бастамашының қарауы бойынша өзге де құжаттарды

11.14. Акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінің сұрақтары жайлы материалдар жиналыстың өткізілу уақытына дейін он күн кешіктірілмей қоғамның атқарушы органы орналасқан жер бойынша дайын әрі қол жетімді болуы тиіс, ал акционер сұраныс жіберсе- сұраныс қабылданғаннан кейін үш жұмыс күнінде оған жіберілуі тиіс; құжаттардың көшірмелерін дайындау мен жеткізілуіне кеткен шығындарды акционер өз мойнына алады.

11.15. Миноритарлы акционер, акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде көрсетілген мәселелер бойынша шешімдерді қабылдау кезінде басқа акционерлермен бірігу мақсаттарында қоғамның тіркеушісіне өтініш беруге құқылы.

11.16. Миноритарлы акционердің өтініш беруі мен қоғамның тіркеушісінің басқа акционерлерге ақпаратты таратуының тәртібі құнды қағаздарды ұстаушылардың тізімі жүйесін жүргізу жөніндегі келісім-шартпен белгіленеді.

11.17. Акционерлердің өтпей қалған жалпы жиналысы орнына қайталап өткізілетін жалпы жиналысы, егер:

1) кворумның болмауы себепті акционерлердің өтпей қалған жалпы жиналысын шақыру тәртібі сақталған болса;

2) тіркеу аяқталған кезде оған қатысу үшін қоғамның дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда қырық және одан да көп процентін иеленетін акционерлер (немесе олардың өкілдері), оның ішінде сырттай дауыс беретін акционерлер тіркелген болса, күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға және олар бойынша шешім қабылдауға құқылы.

11.18. Акционерлердің жалпы жиналысы ашылғанға дейін келген акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеу жүргізіледі. Акционердің өкілі акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге өзінің өкілеттігін растайтын, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының және осы Жарғының талаптарына сәйкес ресімделген сенімхатты көрсетуге тиіс. Қоғамның акционерлері болып табылмайтын және келу тәртібімен өткізілетін акционерлердің Жалпы жиналысына шақырусыз қатысушы тұлғалар акционерлердің Жалпы жиналысының тиісті шешімі бойынша ғана сөз сөйлей алады.

11.19. Акционерлердің жалпы жиналысы кворум болған жағдайда хабарланған уақытта ашылады. Акционерлердің жалпы жиналысы жалпы жиналыстың төрағасын және хатшысын сайлайды. Акционерлердің жалпы жиналысы ашық немесе жасырын (бюллетеньдер бойынша) дауыс беру нысанын белгілейді. Есеп комиссиясының функцияларын акционерлердің Жалпы жиналысының хатшысы жүзеге асырды не акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша қоғамның тіркеушісіне жүктелуі мүмкін.

11.20. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін Директорлар кеңесі жасайды және онда талқылауға ұсынылатын мәселелердің нақты тұжырымдалған толық тізбесі болуға тиіс. Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібін бекіту Қоғамның жиналыста өкілдік еткен дауыс беретін акцияларының жалпы санының көпшілік даусымен жүзеге асырылады.

Егер акционерлердің жалпы жиналысына қатысатын және қоғамның дауыс беретін акцияларының жинақтап алғанда кемінде тоқсан бес процентін иеленетін акционерлердің (немесе олардың өкілдерінің) көпшілігі енгізуді жақтап дауыс берсе, күн тәртібіне өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізілуі мүмкін. Акционерлердің Жалпы жиналысының шешімі сырттай дауыс беру арқылы қабылданатын жағдайда акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін өзгертуге және (немесе) толықтыруға болмайды.

Акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі толықтырылатыны Қоғам акционерлеріне жалпы жиналыс өткізілетін күнге дейін он бес күннен кешіктірілмей хабарланған жағдайда, ірі акционер немесе Директорлар кеңесі күн тәртібін толықтыруы мүмкін.

Акционерлердің қайталап өткізілетін Жалпы жиналысы күн тәртібінің акционерлердің болмай қалған Жалпы жиналысының күн тәртібінен айырмашылығы болмауға тиіс.

11.21. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, «бір акция - бір дауыс» принципі бойынша жүзеге асырылады.

11.22. Акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу барысында оның төрағасы қаралып отырған мәселе бойынша жарыссөзді тоқтату туралы, сондай-ақ ол бойынша дауыс берудің әдісін өзгерту туралы ұсынысты дауысқа салуға құқылы. Акционерлердің жалпы жиналысы өзінің жұмысында үзіліс жариялау туралы және жұмыс мерзімін ұзарту туралы, оның ішінде акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі жекелеген мәселелердің қаралуын келесі күнге ауыстыру туралы шешім қабылдауға құқылы.

11.23. Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысының шешімдері сырттай дауыс беруді өткізу арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру акционерлердің жалпы жиналысына қатысып отырған акционерлердің дауыс беруімен (аралас дауыс берумен) бірге не акционерлердің Жалпы жиналысының отырысы өткізілмей қолданылуы мүмкін.

Сырттай дауыс беруге арналған бюллетень акционерлердің тізіміне енгізілген адамдарға акционерлердің Жалпы жиналысының отырысы өткізілетін күннен не акционерлердің Жалпы жиналысын өткізбестен сырттай дауыс беру кезінде дауыстарды санау күнінен бұрын қырық бес күннен кешіктірмей жіберілуі тиіс.

11.24. Жасырын немесе сырттай дауыс берген кезде тиісті бюллетеньдердің нысаны мен мазмұнына қолданыстағы заңнаманың талаптары сақталуы тиіс.

11.25. Дауыс беруге акционерлердің жалпы жиналысына қатысушыларды тіркеу кезінде не шешімдер акционерлердің Жалпы жиналысын өткізбестен қабылданатын дауыстарды санау күніне алынған бюллетеньдер қабылданады. Сырттай дауыс беру нысанында қабылданатын шешімдер акционерлердің Жалпы жиналысын өткізу үшін қажетті кворум сақталған кезде жарамды болады.

11.26. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы акционерлердің Жалпы жиналысы жабылғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде жасалып, қол қойылуға тиіс. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында:

1) Қоғамның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;

- 2) акционерлердің Жалпы жиналысының өткізілген күні, уақыты және орны;
- 3) қоғамның акционерлердің Жалпы жиналысындағы ұсынған дауыс беретін акцияларының саны туралы мәліметтер;
- 4) акционерлердің Жалпы жиналысының кворумы;
- 5) акционерлердің Жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) акционерлердің Жалпы жиналысында дауыс беру тәртібі;
- 7) акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (төралқасы) және хатшысы;
- 8) акционерлердің жалпы жиналысына қатысқан адамдардың сөйлеген сөздері;
- 9) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі дауыс беруге қойылған әрбір мәселе бойынша акционерлердің жалпы дауыс саны;

- 10) дауысқа қойылған мәселелер, олар бойынша дауыс беру қорытындылары;
- 11) акционерлердің жалпы жиналысында қабылданған шешімдер көрсетіледі.

Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында көрсетілген мәліметтердің толықтығы мен растығы үшін жауап береді.

Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына акционерлердің Жалпы жиналысының төрағасы, хатшысы және Қоғамның дауыс беретін акцияларының он және одан да көп процентін иеленетін және акционерлердің Жалпы жиналысына қатысқан акционерлер қол қоюға тиіс.

11.27. Дауыс беру қорытындылары бойынша акционерлердің жалпы жиналысына дауыстар санауды жүзеге асыруға құзыретті тұлғалар дауыс беру қорытындылары туралы хаттаманы жасайды және оған қол қояды, ол акционерлердің Жалпы жиналысының хаттамасына қоса беріледі.

